

## ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ АРНАЛҒАН КІТАП

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да 1926 жылы Бакуде алғаш жарияланған «Бүкілодақтық түркітану съезі. Стенографиялық есеп» атты жаңартылып басылып шығарылған кітаптың тұсаукесері өтті. 2018 жылдың желтоқсан айында ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанов бастаған делегацияның Әзірбайжанға сапары барысында бірегей және раритетті кітапты қайта шығару туралы келісімге қол жеткізілді.

## ҚОҒАМНЫҢ НЕГІЗГІ ҚОЗҒАУШЫ КҮШІ

Кезекті ректорат мәжілісінде университеттегі ғылыми-инновациялық орталықтарының тиімділігі кеңінен талқыға түсті.

«Ғылым – қазіргі қоғамның негізгі қозғаушы күші. Осы ретте ҚазҰУ білім мен ғылымды ұштастыру арқылы ғылыми-зерттеу саласының дамуына барынша жағдай жасауда. Оған дәлел ретінде биылғы жылы 500-ден астам жоба іске асырылып, жалпы сома артты. Бүгінде университетте 30-ға жуық ғылыми-зерттеу институттары мен орталықтар жұмыс жасайды. Яғни, университетіміздің ғылыми-инновациялық инфрақұрылымында ҒЗЖ нәтижелерін апробациялайтын, жас мамандарды даярлайтын кафедралар мен ғылыми-зерттеу зертханаларының басым бағыттары бойынша ғылыми зерттеулер жүргізлетін құрылымдық бөлімшелер құрайды», – деді ғылыми-инновациялық қызмет жөніндегі проректор Тілекәбұл Рамазанов.

Сондай-ақ проректор халықаралық ғылыми және білім беру жобалары мен бағдарламаларды қаржыландыру көлемі, Scopus-ғы биылғы жылғы ғылыми жарияланымдар, халықаралық ғылыми конференциялар, Start-up компаниялар, студенттердің ғылыми-зерттеу қызметі, халықаралық ынтымақтастық туралы келісімдер саны мен осы сынды басқа да бағыттардың пайыздық көрсеткіштеріне тоқталып өтті.

Мәжіліс барысында студенттерді жоғары білім оқу жетістіктерін сырттай бағалауға (ОЖСБ) дайындау үшін барлық мамандықтарға арналған пәндер тізімі, тест спецификалары мен пәндер бойынша тесттік тапсырмалар үлгілері көрсетілді. Бұл туралы білім беру бағдарламалары сапасын бақылау қызметінің жетекшісі Айгүл Ғабдоллақызы хабарлады.

Жалғасы 2-бетте

## Антикоррупционный БРИФИНГ

В КазНУ им. аль-Фараби состоялся брифинг руководителя Департамента Агентства по делам государственной службы и противодействию коррупции по городу Алматы Данияра Таумурата с участием руководителей проектных офисов, открывшихся в 2018 году: «Samaly ырақ», «Алматы – Адалдық Аланы», «Защита бизнеса и инвестиций».

В своем выступлении Д. Таумурат раскрыл порядок поступления на государственную службу, а также рассказал о новшествах, которые были введены в 2018 году. Он отметил, что «важным направлением современной системы государственной службы является реализация принципа меритократии, способствующего укреплению института государственного аппарата и повышению доверия населения к госслужбе, в целом».

Продолжение на 2 стр.



Басылым 1926 жылы Бакуде өткен тарихи түркітанушылар съезінің 130 қатысушысының сөйлеген сөздері стенограммаларының жинағын құрайды. Түркітанушылар съезінде бүкіл әлем түріктерінің жазбаларының бірыңғай тұжырымдамасын әзірлеу мәселесі талқыланды. Тақырып бүгінде де өзектілігін жоймаған.

ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанов барлық жиынға қатысушылар мен қонақтарды қарсы алып: «Қазақстан Президенті «Түркі өркениеті: бастаудан қазіргі заманға дейін» жобасы аясында Астанада түркітанушылардың Дүниежүзілік Конгресін шақыруды ұсынды және бұл заңды сабақтастық – Баку съезі бірінші болып кездейсоқ аталмады, оның қатысушылары бұл – үлкен ұжымдық жұмыстың басталуы деп шын ниетпен үміттенді», – деп атап өтті.

«Түркі жазуы: рунадан латын әліпбиіне дейін» атты дөңгелек үстел барысында бірегей және раритетті кітаптың тұсаукесері өтті. Жиынды әл-Фараби атындағы ҚазҰУ мен Мәдениеттерді жақындастыру орталығы және А. Байтұрсынов атындағы тілтану институты бірлесіп өткізді.


Дөңгелек үстелге халық жазушысы, ақын, белгілі қоғам қайраткері Олжас Сүлейменов, А. Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институтының директоры, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі Ерден Қажыбек, белгілі шетелдік және отандық ғалымдар мен қоғам қайраткерлері, дипломаттар, докторанттар мен магистранттар қатысты.

Іс-шара барысында ғалымдар мен дипломаттар

Ұлы Даланың түркі мәдени мұрасын сақтау, алфавитті латинизациялау бойынша ұсыныстар жасап, Еуразияның мемлекетаралық байланыс жүйесіндегі түркілер, түркілер туралы тарихи деректер, «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясындағы түркітану зерттеулердің әдіснамасы және т. б. өзекті тақырыптарды талқылады. Олжас Сүлейменов көптеген жылдар бойы оқырмандарға белгісіз болған бірегей кітапты қайта шығарғаны үшін ҚазҰУ басшылығына алғысын білдірді. Халық жазушысы атап өткендей, түркітану мәселелері әлі де толық зерттелмеген және алда үлкен жұмыс күтіп тұр. Түркі жазуы шумерлер кезінен бастап, Англия мен Германияда пайда болғанға дейін қолданылып келгендігін айғақтайтын тарихи деректер бар.

Бакудегі түркітанушылардың бірінші съезінен кейін қазақ делегациясының барлық қатысушылары қуғын-сүргінге ұшырап, олардың арасында Ахмет Байтұрсынов, Әзиз Бей-Сейдуәлі, Білял Сүлейменов, Нәзір Төрәқұлов және басқа да көптеген басқа да ұлт арыстары болды. Жаппай саяси қуғын-сүргін түркі өркениетінің мұрагері болып табылатын түркі тілдес елдердің дамуы мен өзін-өзі анықтау кезеңін көп жылдарға кейінге ығыстырды. Соған қарамастан бүгінгі кезде түркітану мәселесі қайта жанданып, әлемдік қоғамның қызығушылығын тудырып отырғаны айтылды. Басқосу соңында ғалымдар мен қатысушылар түркітануды дамыту және танымал ету бойынша келешектегі жоспарларын белгіледі.

Өз тілшімізден





Продолжение. Начало на 1 стр.

## АНТИКОРРУПЦИОННЫЙ БРИФИНГ

Руководитель департамента высоко оценил вклад КазНУ им. аль-Фараби по противодействию коррупции, приведя в пример прозрачность и качество предоставления свыше 500 услуг Центром обслуживания студентов «Керемет».

Руководитель проектного офиса «Sanaly ugraq» К.А. Токушев в своем выступлении рассказал о ходе реализации проекта, направленного на сокращение уровня коррупции в сфере образования, формирование антикоррупционного сознания и антикоррупционной культуры подрастающего поколения, повышение доверия граждан к институтам государственной власти.

В выступлении руководителя проектного офиса «Алматы – адалдық аланы» А.И. Братенкова были раскрыты цель, задачи и основные направления деятельности. В частности, отмечено, что проект является практическим механизмом формирования антикоррупционного мировоззрения, минимизации коррупционных рисков и проявлений в сфере государственных услуг, повышению доверия граждан к государственным и квази-государственным структурам. Так же было



отмечено, что в своей практической работе проектный офис добивается достижения трех основных целей. Это искоренение бытовой коррупции; совершенствование общественного контроля за деятельностью государственных органов; формирование антикоррупционной культуры населения, основанной на правовых знаниях и убеждениях.

В докладах участников встречи также были озвучены положительные моменты

работы «Честного магазина», который функционирует в ЦОС «Керемет». А в завершении брифинга спикеры ответили на интересующие журналистов вопросы.

**Г. УСЕИНОВА,**  
д.ю.н., заведующая кафедрой  
теории и истории государства  
и права, конституционного  
и административного права

### Webometrics RANKING WEB OF UNIVERSITIES

## КАЗНУ УКРЕПЛЯЕТ ПОЗИЦИИ В WEBOMETRICS

**По итогам исследования международного рейтингового агентства «Webometrics», подведенным в январе 2019 года, КазНУ им. аль-Фараби занял 2503 место среди 28 тыс. вузов мира.**

КазНУ показал положительную динамику продвижения в рейтинге и закрепился на второй позиции среди университетов Казахстана. Так, индикатор «Openness» («Открытость») вырос на 164 пункта, по таким как «Presence» («Присутствие») и «Impact» («Влияние») университет опережает другие казахстанские вузы.

Авторитетный международный рейтинг «Webometrics» основан в 2004 году и каждые полгода анализирует присутствие вузов в глобальном интернет-пространстве. Он оценивает web-сайты университетов по таким индикаторам, как: объем домена, наличие полезной научной и образовательной информации для студентов, преподавателей и других пользователей, количество ссылок с внешних ресурсов, цитируемость научных работ ученых, число научных публикаций и др.

Лидерами рейтинга являются университеты США и Великобритании. В первой сотне, помимо американских и английских вузов, представлены ведущие высшие учебные заведения Китая, Германии, Японии, Дании, Швейцарии, Южной Кореи, Гонконга и других стран.

**Алмажан ДЖУЛАЕВА,**  
к.э.н., старший преподаватель ВШЭБ,  
**Айгуль АБАКАСОВА,**  
магистрат I-го курса

### РЕКТОРАТ

Жалғасы. Басы 1-бетте

## ҚОҒАМНЫҢ НЕГІЗГІ ҚОЗҒАУШЫ КҮШІ



Оның айтуынша, «ОЖСБ өткізу үшін мамандықтар бойынша үлгілік оқу жоспарларында қарастырылған пәндер бойынша тест тапсырмалары пайдаланылады. Студенттер арасында кешенді тестілеуді өткізудің тәртібі қатаң ескеріледі және тестілеу нәтижелері ұлттық тестілеу орталығының ресми сайтында жарияланады», — деді Айгүл Байнөсерова.

Сонымен қатар жиын аясында VI Фараби оқуларына дайындық туралы ғылым және жарияланым белсенділігі басқармасының басшысы Қадіржан Смағұловтың баяндамасы тыңдалып, биотехнология кафедрасының профессоры, биология ғылымдарының докторы Анатолий Ивашенко «Эл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ға сіңірген ерен еңбегі үшін» күміс медалмен марапатталады. Профессор А.Т. Ивашенко 10 жылдан астам биотехнология, биохимия және өсімдіктер физиологиясы кафедрасын басқарды. 400-

ден астам жарияланымның авторы, соның ішінде 150-ден астам мақаланы халықаралық басылымдарда жарияласа, оның 90-ы жоғары импакт-факторға ие. Елімізге және шетелге танымал биоинформатиктер мектебін қалыптастырды. Оның жетекшілігімен биоинформатика мамандығы бойынша PhD диссертациялар Франция мен Израильде қорғалған болатын. Жиын соңында ҚазҰУ-дың басқа да ғалымдары Қазақстанның білімі мен ғылымына қосқан үлестері үшін арнайы марапатталса, жастар жылы аясында өткен «Жобалық start» атты жастардың креативті жобалары мен идеяларының байқауында үздік ғылыми жоба номинациясы бойынша «биология» мамандығының 1-курс студенті Сейітқасымова Нұрбақыт жеңімпаз атанғаны үшін арнайы марапатқа ие болды.

Айнұр АҚЫНБАЕВА

### QYSQA-NUSQA

«Total» әлемдік энергетикалық компаниясының (Fransua) танымал сарапшысы профессор Erve Oberreimer QazUY стýdentтерине дáрис оқыды.

«Kóshbasshylyq jáne halyqaralyq mansaptyq menedjment» taqyrybyndaǵy dáris tek qana teorıalyq bilim ǵana emes, sonдай-aq tanymal ǵalym men sarapshynıń tájirbelik sabaqtaryna qatysyǵa yqylas bildirgen kóptegen stýdentterdiń basyn qosty.

Professor Erve Oberreimer stýdentter, magistranttar men doktoranttarmen kezdesý barysynda kóshbasshylyqty damyty, talant jáne mansapty basqary máselelerin talqylyp, óziniń kásibi tájirbesi men «Total» kompanıasynyn jumysynan naqty úlgiler keltirdi. Sonдай-aq, ol jeke mansaptyq ilgerileydi basqary jáne jeke tulǵalyq damydy josparlaydyń ereksheликтери týraly ángimeledi. Stýdentterge shara barysynda alǵan bilimderin bekity maqsatynda praktikalыq tapsymalar men testiler usynyldy.

\*\*\*

**Shygystany fakýltetiniń uıymdastyryymen «Aimaqtany. Ortalyq Aziyanyn saiasaty, ekonomıkasy men mádenieti» atty káris tilin úrenyshilerge arnalǵan qysqy mektep ótti.**

Koreia Respyblikasynyn Hankyk shet tilder yniuersiteti ál-Farabi atyndaǵy QazUY-dyn káristany bóliminiń senimdi seriktesi. Sońy jyldary QazUY-daǵy qysqy mektep dásturi óz formatyn ózgeretti. Stýdentter dástúrlı túrde Qazaqstan jerinde dalalyq zertteýlerdi qarastyratyn «Aimaqtany. Ortalyq Aziyanyn saiasaty, ekonomıkasy men mádenieti» kýrsyn oqyp zerdeleidi.

2019 jyly stýdentter Hankyk shet tilder yniuersitetiniń Ortalyq Aziyanı zertteý boıynsha instıtutyńyń jobasy boıynsha birlesip jumys istedi. Zertteý jumystary instıtýt direktory professor Son Eng Hyn jáne Kim Sang Chholdiń jetekshiligimen júrgiziledi. Osylaısha dástúrge amalǵan qos yniuersitet stýdentterin kezdestirgen qysqy mektep byl da jalǵasyn tapy. Qazaqstan jastarynyń korei tilin úrenyge degen qyzyǵyshylyǵy bul kezdesydiń negizgi maqsaty boldy. Qazaqstandyq stýdentter asqan qyzyǵyshylyqpen zertteýge qatysyp, Hankyk yniuersitetindegi jáne jalpy Koreiadaǵy stýdenttik ómirge aralasty. Kezdesý barysynda stýdentter Ortalyq Aziadaǵy káris tiliniń oqytylyyn zerdelep, osy salada bolashaqqa baǵyttaǵan josparlarymen bólisti. Jyn sońynda korei tiliniń oqytyshylary jinalǵandarǵa til úrenydiń ártúrlı metodikasymen tanystyryp, ondaǵy negizgi máselelerge basa mán berdi.

Qыр Shygys kafedrası

\*\*\*

**QazUY men Úndistannyń Ulıtyq kadet Korpýsynyn yntymaqtastyq memorandymy sheńberinde áskeri kafedra stýdentteri Aidar Aımakov, Tanırbergen Satybalđev, Indira Jolmagambetova jáne Aıjan Kyzyltaeva Indua Respyblikasy Kúnine arnalǵan baǵdarlamalарǵa qatysty.**

Qazaqstannyń stýdenttik delegasiyası joǵarǵy deńgeide qarsy alynyp, Úndistan Prezidenti men Premer-Ministr, Qorǵanys Ministri, ATF Qolbasshysy jáne de basqa da joǵary shendi tulǵalarmen bolǵan kezdesýlerge qatysty. Úndistannyń Ulıtyq kadet Korpýsy tóraǵasynyn shaqyrynda bizdiń stýdentterimiz qazaqtyń ulıtyq "Qara jorǵa" biin oryndap kópshiliktiń erekshe yqylasyna bólendi. Atalmysh sapar eki eldiń dostyǵyn nyǵatıyna, Qazaqstan Respyblikasynyn Qaraly Kúshter imidjin memleketimizdiń halyqaralyq bedelin kóteriynde ózindik úlesin qosqany aqiqat.

Áskeri kafedra

В КазНУ прошла презентация книги из серии «Внегелі өмір» о творчестве и деятельности профессора Советхана Габбасова



**Бүгін әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Ғылыми кітапханасында жазушы, педагогика ғылымының докторы Советхан Ғаббасовтың 80 жасқа толуына орай өмірі мен шығармашылығына арналған «Өнегелі өмір» сериясымен жарық көрген кітаптың тұсаукесері өтті.**

## ӨНЕГЕЛІ ӨМІР ИЕСІ



Жиында ҚазҰУ теле-радио кешені арнайы дайындаған «Қазақтың Совет-ханы» атты бейнеролик көрсетілді. Онда профессор С. Ғаббасовтың еңбек жолы мен жеткен жетістіктері туралы жан-жақты зерттелген бейнероликті жиылған қауым қызыға тамашалады.

Алқалы басқосуды философия және саясаттану факультетінің деканы Әлия Масалимова ашты. «ҚР еңбек сіңірген қайраткері, денсаулық сақтау ісінің үздігі С.Ғаббасовтың 80 жасқа толу мерейтойына орай «Өнегелі өмір» сериясымен кітап тұсаукесері биылғы университетіміздің 85-жылдығы шеңберінде өтіп отыр. Елбасымыз Н.Назарбаев айтқандай «Жастар жылымен» қатар келіп отыр. Іс-шараның маңыздылығы өте зор. С. Ғаббасовтың еңбектеріне қарайтын болсақ, өзінің ұстанатын теориясы мен концепциясы біздің болашағымызға, адами, интеллектуалды капиталдың қалай қалыптасу керек екендігі жөнінде үлесі көп»,—деп атап өтті.

С. Ғаббасовты арнайы құттықтап келген қауым арасында қоғамға белгілі қайраткерлер, ақын-жазушылар, университет ақсақалдары, тарих ғылымдарының докторы, профессор Уахит Шәлекенов, педагогика-психология ғылымдарының докторы, профессор Құбығұл Жарықбаев, ақын, филология ғылымдарының докторы, профессор Бауыржан Жақып, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің Ғылым және инновациялар жөніндегі проректор Рахым Бекназаров және т.б. қатысып, құттықтап, тілек-лебездерін білдіріп, естелікке сый-сияпат табыс етті.

Мерейлі жасқа толып отырған профессор С. Ғаббасовтың медицина және педагогика саласында жастарды тәрбиелеуде еңбегі үлкен. Білімді, білікті әрі ғалымның еңбек жолында

жастарға өнеге, берері мол құнды мағлұматқа бай дүниелер көп. Нағыз өз ісінің шебері келешек ұрпақ үшін, ертеңгі жас ғалым үшін ескірмейтін ғылыми ізденістерге толы өмір жолы арқылы үлгі болып отыр.

Ғұмыры ғибаратқа толы ғалымның «Қыран кия», «Ана жүрегі», «Өскен ұя», «Серпер», «Порыв», «Советский писатель», «Нәзік сезім», «Кәусар», «Мейірім», «Воззрение», «Советский писатель», «Ізгілік әліппесі», «Халықтық педагогика негізі», «Көңіл құсы» атты шығармалары оқырманға етене таныс.

Өз тілшімізден

КҮНДЕЛІК

## ТАРИХ БЕТТЕРІНЕ ШОЛУ

Жалғасы. Басы алдыңғы нөмірде

2018 ЖЫЛ

ҚАҢТАР

ҚазҰУ делегациясы Италияның мәдени және туристік орталығы саналатын Венеция қаласындағы Ка-Фоскари университетінде іс-сапармен болып, онда қазақстандық мәдениет орталығының жұмысы іске қосылды.

Медицина факультетінің базасында Денсаулық сақтау министрі Елжан Біртанов пен ЮНИСЕФ, Дүниежүзілік психиатриялық қауымдастық пен басқа да беделді халықаралық ұйымдар өкілдерінің қатысуымен конференция өтті.

Университет ректоры академик Ғ. Мұтановтың басшылығымен ҚазҰУ ғалымдары ұжымы бериллий алудың бірегей технологиясына АҚШ-тың үш патентін алды.

АҚПАН

ҚазҰУ Стамбулда (Түркия) жоғары білім беру бойынша Еуразиялық саммит жұмысына қатысты.

Әлемге әйгілі «Microsoft» компаниясы сандық университетті сәтті құру және ҚазҰУ-да алдыңғы қатарлы IT-технологияларды енгізу туралы бейнероликті түсіріп, өз сайтына орналастырды.

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтановпен кездесті. Ел Президентіне жана технологиялар саласында жүзеге асырылып жатқан жобалар мен ҚазҰУ базасында құрылған Халықаралық IT-технопарк аясындағы жоғары оқу орындары арасындағы өзара іс-қимыл үрдісі туралы ақпарат ұсынылды.

НАУРЫЗ

ҚазҰУ алғаш рет гуманитарлық ғылымдар бойынша QS «World University Rankings by Subject» пәндік рейтингінде әлемнің ең үздік жүз елу ЖОО қатарына енді.

Студенттер сарайында 8 наурыз – халықаралық әйелдер күніне арналған салтанатты кеш өтті. Ізгі дәстүр бойынша ҚазҰУ-дың ер азаматтары университеттің нәзік жан иелеріне мерекелік кеш сыйлады.

«Neo Institute of Medical Sciences and Technology LTD» компаниясының директоры доктор Бурра Дивна Сунитха Раджм бастанан Үндістан делегациясы ҚазҰУ-да болып, университеттің медицина факультетінде Үнді студенттерін оқытуға қызығушылық танытты.

СӘУІР

QS агенттігі 2018 жылы жүргізген тәуелсіз бағалау нәтижесі бойынша ҚазҰУ Қазақстанның бірінші жоғары оқу орны және Орталық Азия аймағында «QS Stars Development Road map» халықаралық рейтингінде «Төрт жұлдыз» үстемдігін алған жалғыз жоғары оқу орны болды.

Қазақстанда және посткеңестік кеңістікте алғаш рет ҚазҰУ базасында «КОМСАТ» беделді үкіметаралық ұйымының отырысы өтті. Университет елдегі «КОМСАТ» озық тәжірибе орталығы бола отырып, Азияның, Африканың, Латын және Орталық Американың 25 елінің жетекші ғылыми-білім беру орталықтарымен ынтымақтастықты белсенді дамытады.

ҚазҰУ «Әлеуметтік жауапкершілік университеттерінің желісі» беделді халықаралық ұйымының мүшесі болды.

Нобель сыйлығының лауреаты Әзиз Санджар университетте ашық дәріс өткізіп, студенттерді өз зертханасына тәжірибеден өтуге шақырды.

ҚазҰУ-да мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің төрағасы Алик Шпекбаев пен Алматы қаласының әкімі Бауыржан Байбектің қатысуымен Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ғылыми-білім беру кластері ашылды. Аталған кластер сыбайлас жемқорлыққа қарсы технологиялар ФЗИ, «Саналы ұрпақ» жобалық кеңсесінің, «Азаматтық бақылау» қоғамдық қабылдау бөлмесінің қызметін қамтиды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырудың негізгі орталығы болуға тиіс.

МАМЫР

ҚР Сыртқы істер министрі, 1987 жылғы ҚазҰУ-дың тарих факультетінің түлегі Қайрат Әбдірахманов университет оқытушылары мен студенттері алдында дәріс оқыды.

Нью-Йорктегі БҰҰ штаб-пәтерінде «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында халықаралық форум өтті. БҰҰ Өркендету альянсының қолдауымен оны өткізудің бастамашысы ҚазҰУ болды. Форумда қазақстандық ЖОО-лар дамуының «Университет 4.0» жана үлгісі ұсынылды.

БҰҰ шешімімен тұрақты даму бойынша БҰҰ бағдарламасының «Академиялық ықпал» ғаламдық хабы ретіндегі ҚазҰУ өкілеттігі 2020 жылға дейін ұзартылды.

17 мамырда ҚазҰУ Астана экономикалық форумды платформасында Пан Ги Мун атындағы тұрақты даму институтын ашты.

ҚазҰУ-дың түлектер күні қарсаңында университет кампусында «Тай қазан» және «Мәңгілік ел» атты екі субұрпақтың салтанатты ашылуы өтті.

МАУСЫМ

ҚазҰУ QS «World University Rankings» халықаралық рейтингінде әлемнің үздік 220 жоғары оқу орындарының қатарына енді. Ғаламдық ғылыми-білім беру кеңістігіндегі университеттің рөлін ескере отырып, QS Атқарушы кеңесі 2019 жылы қыркүйекте «QS Worldwide» форумын өткізуді шешті.

Астанада өткен «SAP Қазақстандағы» ірі бизнес-көрмесінде ҚазҰУ-дың «SAP» университеттік альянсына кіруі туралы келісімге қол қойылды және «SAP Next-Gen Labs» инновациялық зертханасының ашылуы өтті.

ҚазҰУ-да «Гео-энергетика» ғылыми-зерттеу орталығы базасында «Тоталь Энерджи» жазғы мектебі өтті.

ШІЛДЕ

ҚазҰУ «Қазақстан-2050 – инновация мен академиялық артықшылық бойынша ұлттық рейтингінде» көпсалалы университеттер санатында бірінші орынды иеленді.

ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанов Оксфорд университетіне іс-сапармен барды. Сапар барысында ғылым мен білім саласындағы ынтымақтастықты кеңейту туралы уағдаластыққа қол жеткізілді.

ТАМЫЗ

ҚазҰУ студенттері Индонезияның астанасы Джакарта қаласында өткен XVIII жазғы Азия ойындарына қатысып, екі күміс және үш қола медаль жеңіп алды.

Жалғасы келесі бетте

## АУҒАНСТАН ЖУРНАЛИСТЕРІМЕН ЖҮЗДЕСТІ

**ҚазҰУ-да білім алып жатқан ауған студенттері Ауғанстаннан келген белгілі журналистермен жүздесті.**



Қазіргі таңда Ауғанстандағы тұрақсыздыққа әлемнің барша мемлекеті алаңдаулы. Ауған жастары осы дағдарысты шешуге қазақ жерінде алған білімімізбен өз септігімізді тигіземіз деген мақсатты ұстанған. Туған елінің жағдайына аса алаңдаушылық танытатын студенттер өз елінің де бейбіт өмір сүруін қалайды.

Естеріңізде болса, 2009 жылы Ауғанстан мен Қазақстан арасында білім беру саласындағы ынтымақтастыққа қол қойылып, 1000 ауғанстандық студенттердің білім алуы үшін Қазақстан үкіметі арнайы қаржы бөлген болатын. Содан бері Қазақстандағы білім ордалары соның ішінде әл-Фараби атындағы ҚазҰУ бірталай ауған жастарын түлеп ұшырды.

Баспасөз қызметі

Студенты из Афганистана, обучающиеся в КазНУ, встретились с известными журналистами соотечественниками



# Білімнің биік шыңы

КҮНДЕЛІК

## ТАРИХ БЕТТЕРІНЕ ШОЛУ

Жалғасы. Басы 3-бетте

2018 ЖЫЛ

Әлемнің 100 елінен бес мың қатысушы жиналған саяси форумда ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанов, Австрияның экс-президенті Хайнц Фишер және БҰҰ сегізінші Бас хатшысы Пан Ги Мун Австриядан жаһандық азаматтық орталығы, Оңтүстік Кореядан тұрақты даму институты және әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті арасындағы стратегиялық серіктестік туралы келісімге қол қойды.

Мемлекет Басшысы қойған міндеттерді жүзеге асыру аясында ҚазҰУ Қазақстан ЖОО-ының ішінде бірінші болып постдокторантура бағдарламасын ашты.

Университет білім гранттарының саны бойынша еліміздің жоғары оқу орындары арасында абсолютті көшбасшы атанды. 2018 жылы ҚазҰУ-ға барлығы 11 мың студент, магистранттар, докторанттар, оның ішінде алыс, жақын шетелдерден келген студенттер оқуға түскен.

### ҚЫРКҮЙЕК

Студенттер сарайында Олжас Сүлейменов, Сергей Гандлевский (Ресей), Бахыт Кенжеев (АҚШ), Алексей Цветков (Израиль) сынды қазіргі заманғы танымал ақындардың кеші өтті.

ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанов халық алдында есеп беру кездесуін өткізіп, ЖОО-ның жетістіктері мен даму перспективалары туралы әңгімеледі.

ҚазҰУ-да ISESCO-ға 10 мүше мемлекет өкілдерінің, Қытай мен Ресейден келген сарапшылардың қатысуымен биосфералық қорықтардың Ислам желісін ілгерілетуге арналған "ISESCO" ұйымының бірінші аймақтық мәжілісі өтті.

"Times Higher Education" Британ агенттігінің зерттеу нәтижесі бойынша ҚазҰУ Орталық Азия университеттерінің арасында алғаш болып әлемнің үздік мыңдаған жоғары оқу орындарының "The World University Rankings-2019" тобына кірді.

### ҚАЗАН

ҚазҰУ білім беру саласында исламдық қаржы моделін енгізу және дамыту бойынша озық университет ретінде «Islamic Finance Week»-ке қатысты.

Ғалым Мұтановтың «Жан жылуы» ("Тепло души") поэтикалық өлеңдер жинағы Эрнест Хемингуэй атындағы беделді халықаралық әдеби сыйлыққа ие болды.

ҚазҰУ-дың биология және химия бойынша «International Journal of Biology and Chemistry» ғылыми журналы «Web of Science Core Collection» жаңа ғылыми деректер базасына кірді.

QS рейтингінде ҚазҰУ Шығыс Еуропа мен Орталық Азияның үздік 20 университетінің қатарына енді.

### ҚАРАША

ҚазҰУ «Scopus» және «Web of Science» халықаралық деректер базасына кіретін рейтингтік ғылыми журналдардағы жарияланымдар саны бойынша Қазақстанның көшбасшысы болып танылды. Сонымен қатар, университет ғалымдары тоғыз номинацияның алтауы бойынша марапатталды.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы мен «Айналанды нұрландыру» жобасы аясында Халықаралық студенттер күні қарсаңында Студенттер сарайында «Жан жылуы» атты музыкалық-поэтикалық кеш өтті. Кеш бағдарламасында ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтановтың өлеңдеріне жазылған лирикалық өлеңдері оқылды.

Қазақстанның Білім және ғылым саласындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы ұсыныстардың бірінші раундының тәуәккесі өтті. ҚазҰУ-да құрылған Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сананы қалыптастыру бойынша ғылыми-білім беру кластерінің және «саналы ұрпақ» жобалық кеңесінің қызметін Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Төрағасы Алик Шпекбаев жоғары бағалады.

Университетке Премьер-Министрдің орынбасары Аскар Жұмағалиев келді. Ол ҚазҰУ-дың «Сандық Қазақстан» республикалық бағдарламасын жүзеге асыруға қосқан үлесі зор екенін атап өтті.

«Ұлы даланың жеті қыры» атты тарихи-көркем экспозиция ашылды. Бұл экспозиция Елбасының мақаласында көрсетілген және ата-бабаларымыздың озық білімі мен технологияларының қуандыратын қазақтың тарихи мұрасының барлық жеті символын бейнелейді. Жастар жылы қарсаңында Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентінің күніне арналған ҚазҰУ-да «Мен жастарға сенемін!» атты VI Республикалық студенттік патриоттық форум өтті. Оған 70 аймақтық университеттен 500-ден астам студент қатысты.

### ЖЕЛТОҚСАН

Италия Президенті Серджио Маттарелла ҚазҰУ ректоры академик Ғалым Мұтановты «Италия Республикасына сіңірген еңбегі үшін» орденімен марапаттады. Президент атынан Жоғары мемлекеттік награданы Италияның Қазақстандағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Паскуале Де Авино табыс етті. «Academic Ranking of World Universities-European Standard» беделді еуропалық рейтингінің зерттеу деректері бойынша ҚазҰУ Қазақстанның жоғары оқу орындары арасында көшбасшы болды. «AA» көрсеткіштері бойынша ҚазҰУ жетекші еуропалық университеттердің қатарында тұр және басқа да қазақстандық жоғары оқу орындарынан айтарлықтай алда келеді. Осы айда ҚазҰУ-да Қытай Ғылым Академиясының Аэроғарыштық Ақпарат Ғылыми-зерттеу институтымен бірлесіп отырып Жерді қашықтықтан зондау орталығы өз жұмысын бастады. Илон Масктың «SpaceX» компаниясы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да жасалған қазақстандық «Al-Farabi-2» наноспутнигін іске қосты. ҚазҰУ посткеңестік елдер аумағындағы санаулы университеттер ішінен тарихта тұңғыш рет «Әл-Фараби-1» және «Әл-Фараби-2» алғашқы қазақстандық наноспутниктерін ғарышқа шығарды. Осының нәтижесінде университетте ғарыштық технология саласында қуатты кластер дамуға бұл ҚазҰУ-да ғарыштық технологиялар кластерін құру ісіндегі тағы бір үлкен жетістік. Тәуелсіздік күні қарсаңында университетте қысқы бақ пен бимен айналысуға арналған жана студенттік зал ашылды.

«UI Green Metric Ranking of World Universities» жаһандық рейтингінде ҚазҰУ ең экологиялық университеттердің топ-200-де өз позициясын нығайтты. Өткен жылмен салыстырғанда қазақстандық жоғары оқу орны осы беделді рейтингте 14 тармаққа көтеріліп, әлемнің 700 ЖОО арасында 172 орын алды. 2018 жылдың қорытындысы бойынша әл-Фараби атындағы ҚазҰУ «Түркі әлемінің үздік университеті» атағына ие болды. Түркі халықтарының дүниежүзілік конгресінің президенті Яхя Әлиев қазақстандық жоғары оқу орнының жетістіктерін атап өтіп, ректорға Халықаралық Алтын медаль тапсырды.

Әзірбайжанның «Деде Коркыт» атты Ұлттық қорының президенті Эльдар Исмаилов ҚазҰУ ректорын ғылым мен білім саласындағы жетістіктерінің мойындалғанын белгісі ретінде және де достас елдер арасындағы мәдени-гуманитарлық байланыстарды нығайтуға қосқан зор үлесі үшін «Qıl yürk» («Алтын жүрек») орденімен марапаттады.



Жоғары оқу орындарының ішіндегі шоқтығы биік, дара университет – үстіміздегі жылы 85 жылдық мерейтойын атап өткелі отырған, көнекөз университет – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті болып табылады. Бұл университет өзінің ұзақ ғұмырында қалыптасқан байыпты да байсалды тәжірибесімен ерекшеленетін дәстүршіл оқу орны ғана емес, сондай-ақ замана талабына дер кезінде жауап беруші, білім берудің жаңа технологияларын бірінші болып игеруші, жаңашыл университет те. Бұл бағытта университетте соңғы жылдары Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың тапсырмасын іске асыруда көп жұмыстар атқарылуда.

Қазақстандық университеттердің ішінде алғаш рет – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ әлемдегі 800 ең үздік университеттер арасында 220 орынға ие болып, QS «World University Rankings» халықаралық рейтингінде тағы 16 орынға көтерілді. Бұл топқа посткеңестік кеңістіктен тек екі университет кіреді: ҚазҰУ және Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті (РФ).

Университеттің білім беру сапасын арттыру және халықаралық рейтингісін көтеру бағытындағы іс-шараларға тарих, археология және этнология факультеті де өз үлесін қосуда. Факультетте «Тарих», «Археология» және «этнология»,

«Мұражайтану және ескерткіштерді қорғау», «Мұрағаттану, құжаттану және құжаттармен қамтамасыз ету», «Кітапхана ісі» сияқты негізгі мамандықтарымен бірге, үстіміздегі оқу жылында «Тарих және география», «Басқаруды құжаттамамен қамтамасыз ету және архивтердегі ақпараттық технологиялар» және басқа да бірқатар қоғамда сұранысқа ие болып отырған жаңа мамандықтар бойынша оқу бағдарламалары жасалып, оқу үдерісіне енгізілді. Аталмыш мамандықтар бойынша білім беру факультеттің үш кафедрасы – «Қазақстан тарихы», «Дүние жүзі тарихы, тарихнама және деректану», «Археология және этнология» кафедраларының базасында жүзеге асырылады.

Факультет бірқатар жылдардан бері Болония үдерісі елдерімен белсенді әріптестік қызметін жалғастырып келеді. Соның ішінде білім беру ісін интернационализациялау бағытындағы іс-шараларға Дүние жүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасы да өз үлесін қосуда. Осы бағыттағы аса маңызды жетістіктің бірі – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ мен әлемнің белгілі университеттері – Ресей Мемлекеттік гуманитарлы университеті және Италияның Ла-Сапиенза университеттерімен қосдипломдық білім беру бағдарламасы бойынша мамандар дайындау туралы

келісімнің жасалуы болып табылады. Үстіміздегі жылы аталмыш келісімдер іс жүзінде асырылып, қосдипломды мамандар дайындау ісі басталып та кетті.

Сондай-ақ, кафедрада мамандар даярлау аясында Еуропа, АҚШ, Ресей, Корея және Түркияның ең үздік ЖОО-мен және ғылыми ұйымдарымен қызметтестік байланыстар орнатылған. Кафедра магистранттары аталмыш университеттерде ғылыми-зерттеу тағылымнамаларынан тұрақты түрде өтіп тұрады. Сонымен бірге, аталмыш шетел университеттерінен ғалымдар шақырту ісі жолға қойылған. Атап айтқанда, кафедраның шақыртуымен 2017 жылдың 16 қазаны – 30 қарашасы аралығында Невада университетінің (АҚШ) профессоры Пол Верт келіп, студенттер мен магистранттарға «Батыстағы империятану» атты курсын оқыса, таяуда ғана, дәлірек айтқанда 12.10.2018 – 21.01.2019 аралығында Вашингтон университетінің профессоры М.А. Толмачева Фулбрайт (Fulbright) бағдарламасы бойынша «Еуразия тарихы әлемдік байланыстарда» атты курсын оқыды. Ал осы көктемде тағы бір шетелдік профессорды күтіп отырмыз. Атап айтқанда, 01.03.2019 – 11.04.2019 аралығында Миннесота университетінің (АҚШ) профессоры Колен Макфадденнің дәрістері жоспарланған.

Мұндай табыстар университетіміздің әрбір факультетінде, әрбір кафедрасында бар десек артық айтқан болмаймыз. Ұлттық университеттегі соңғы жылдары қол жеткізілген осы жетістіктердің барлығы да университет түлектерінің әлемдік нарықтағы бәсекеге қабілеттігін еселеп арттырып отыр.

Қазіргі таңда Елбасы Қазақстанның жоғары оқу орындарына әлемдегі ең үздік 200 ЖОО қатарына кіру міндетін қойып отыр. ҚазҰУ әлемдік кеңістікте мойындалған еліміздің жетекші университеті ретінде осы маңызды мемлекеттік тапсырманы іске асыруда мақсатты жұмыс атқаруда. Біздің университеттің жақын болашақта бұл белесті бағындыруға ғылыми, оқу-методикалық және кадрлық потенциалы толық жететіндігіне біз – осы университеттің оқытушы-профессорлар құрамы толық сенімдіміз.

Жасай бер ҚазҰУ – еліміздің білім беру саласының көшбасшы!

**Е. ҚАРТАБАЕВА,**


*дүние жүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасының доценті, т.ғ.к.*



**Оңтүстік Кореялық Хангук шет тілдері университетінің бір топ студенттері Шығыстану факультетіндегі қысқы мектепке қатысты**



# ҒАЛЫМ ЕҢБЕГІНІҢ ҚАЙТА ОРАЛУЫ



Әл-Фараби өзара түсіністік пен мәдениет аралық сыйластыққа бағытталған жоғары рухани-интеллектуалды ойдың бейнелеушісі іспетті. Ол білімнің салтанат құруы және адамзат пен қоғамның кемелдену идеясының жақтаушысы болды, өз заманымен қатар келешек дәуірдің философиялық ойларының синтезін жасады. Оның есімі әлемдік философиялық ойлардың жылнамаларына адамды асқақтатар бақыт, мейірімділік пен әділдік, сұлулық жайлы адамзаттың мәңгілік армандарының бейнелеушісі ретінде берік енді. Жер шарының бір нүктесінде дүниеге келгенімен, әлемдік өркениеттің беделіне айналды. Оның шығармашылығы тек өз заманы үшін ғана емес уақыт кезеңіне бағынбайтын жалпы адамзаттық маңызға ие болды.

Бұл үдерістің қайнар көзі қайда жатыр? Әл-Фарабиді ақиқаттың философиялық ізденісіне кім немесе не итермеледі? Ойшылдың өмір жолы мен шығармашылығына қатысты осы және басқа да сұрақтар, ғалым-интеллектуал, суретші-эстет Ағын Қасымжановтың ішке жан дүниесіне қызығушылық танытып, Ортағасырлық Ислам даму процесіне ғана емес бүкіл адамзат тарихында өшпес із қалдырған әл-Фарабидей ғұлама ғалым туралы еңбегін дүниеге алып келді.

Сондықтан да, әл-Фараби ХХ ғасырда тарихи Отаны Қазақстанға өзіндік тарихымыз бен өткенімізді танып білу мақсатында жаһандану дәуірінде бізге қайта оралды. Бұл кітаптың қайта екінші рет жарық көруі әл-Фараби сынды ұлы ұстаз ғұламаны жақыннан түсінуге мүмкіндік береді деп ойлаймыз.

Міне, сондықтан да А. Қасымжановтай ірі тұлғаны естен шығармай зиялы қауымға таныстыру, еңбектерін жариялап отыру төл тарихын бағалай алатын жастардың ұмтылысын дүниеге алып келері сөзсіз. Барша оқырман қауымды қадірлі ұстазымыздың еңбегінің қайта шығуымен құттықтаймыз!

**Жақыпбек АЛТАЕВ,**  
философия ғылымдарының докторы, профессор,  
әл-Фараби орталығының директоры

**ҚР Ұлттық Ғылым Академиясының корреспондент мүшесі, философия ғылымдарының докторы, профессор А.Х. Қасымжановтың 1982 жылы Мәскеуде «Мысль» баспасымен тұңғыш рет орыс тілінде шыққан «Әл-Фараби» атты кітабы ҚазҰУ-дың «Қазақ университеті» баспасынан 2019 жылдың қаңтар айында қайта екінші рет басылып шықты.**

Кітап ҚазҰУ ректоры, академик Ғалым Мұтановтың тікелей қолдауымен жарық көрді. Екінші басылым ректордың алғы сөзімен шығып отыр. Ағын Қасымжановтың бұл еңбегі нағыз сирек кітаптардың қатарына жататын библиографиялық құндылық болып табылады.

Ұлағатты ұстаз, белгілі фарабитанушы ғалым А. Қасымжановтың бұл еңбегінің көп жылдардан кейін қайта басылып, оқырман қауымға қауышуы – бүгінгі күннің талабы. Елбасы айтқандай «Өткенін мақтан тұтып, бүгінін нақты бағалай білу және болашаққа оң көзқарас таныту – еліміздің табысты болуының кепілі», - дегеніміз осы.

# ҚОНАЕВ МУЗЕЙІНЕ САЯХАТ

**Археология және этнология мамандығының 3 курс студенттері «Музеология» үйірмесінің жетекшісі, әрі кураторы Құралай Баудиярованың ұйымдастыруымен Алматы қаласындағы көрнекті орындардың бірі Д.А. Қонаев атындағы музейге саяхаттап қайтты.**



Алғаш кірген сәттен бастап – ақ алған әсеріміз ерекше болды. Музейде Д.А.Қонаевтың пайдаланған заттары мен киімдері сақталған. Сонымен бірге, әр елдің танымал мүсіншілерінің, колонершілерінің Қонаевқа арнаған сыйлықтары сақталған.

Д. Қонаев мұражайы екі экспозициялық залдан тұрады. Бірінші экспозициялық зал Д. Қонаевтың «Балалық шағы мен студенттік кездері және еңбек жолының басталуы», екінші экспозициялық зал «Д.Қонаев саяси және қоғам қайраткері» тақырыбын қамтиды. Мұражай қорында 3 мыңға жуық жәдігер жинақталған.

Мұражай жәдігерлері қарапайым шаруа баласының тау-кен инженерінен үкімет басшысы деңгейіне көтерілген, тіптен бұрынғы Одаққа, шет елдерге де танымал болған еңбек жолын көрсетеді.

Д. Қонаевтың қызметте өсу баспалдақтары мен қоғам қайраткері ретінде қалыптасу жолы жайлы осы деректер мен тарихи мағлұматтар музейде сақталуы.

Д. Қонаевтың мемориалдық пәтер-музейі – бұл мұражай өз жәдігерлерінің құндылығымен ерекшеленеді. Мұнда Д. Қонаевтың жекелеген заттары, техникалық, анықтамалық және көркем әдебиеттер, өнер жөнінде альбомдар, авторлардың жекелей қолтаңбасы жазылған кітаптары, жиһаздар,

тұрмыстық заттар, мерейтойларына арналған көптеген сыйлықтар мен экспонаттар, басқа да әр алуан заттар бар. Бұлардың бәрі ұзақ жылдар бойы мұқият сақталған және Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың немере інісі Диар Асқарұлы Қонаев мұражайға табыс еткен.

Д. Қонаев мұражайын көзіңіз қарашығандай етіп сақтап, осындай қалыпта халыққа жеткізгені үшін мұражай қызметкерлеріне алғысым шексіз.

Бірақ бұл сұрақтың жауабын енді тапқандаймын. Оның ұрпағы көп екен. Д. Қонаевтай өз ісінің шебері, бұлақ көрсеткіші ашқан, кез келген дүниеге аса ықыласпен көңіл бөлетін, халыққа адал қызмет еткен осы тұлғадан өнеге алып, елдің дамуына кішкене болса да үлес қоссақ, Оның шын ұрпағы біздер екенбіз... Білім алып, көзімізді ашып, қазіргі нарыққа қажет мамандықтарды оқып, еліміздің байлығын тек өзіміз игеретін жағдайға жетіп, елдің дамуына зор үлестер қосатын маман иесі, рухани бай азамат болайық.

**Арай АХВАНОВА,**  
археология және этнология мамандығының 3 курс студенті

## ӘСЕРЛІ ТРЕНИНГ

**Бүгінгі таңда адамдар арасындағы қарым-қатынас тақырыбы әсіресе өзекті болғандықтан, «Педагогика» және «Психология» мамандықтары бойынша дәріс беретін оқытушылар қауымының жасап жатқан жұмыстары ұшан-теңіз. Оқытудың жаңа амал-тәсілдері мен заманауи үрдістерден құлағдар болып, тәжірибеде пайдалану үшін олар үшін түрлі семинарлар мен тренингтер өткізілуде.**

Жуырда ғана тәрбие жұмысы департаментінің қолдауымен куратор-эдвайзерлер мектебі әл-Фараби атындағы философия және саясаттану факультетінің ұстаздары, бірінші курс студенттерінің эдвайзерлеріне қысқы тренинг өткізді.

Ол «Топтағы қатынасты анықтаудағы социометриялық әдістер» тақырыбына арналды. Мамандардың пікірінше, 1-курс студенттеріне мұндай социометриялық әдістерді дұрыс қолдана білу өте маңызды. Себебі, әрбір оқытушы еліміздің түрлі аймақтарынан және шет мемлекеттерден келген 1-курс студенттерімен тығыз араласып, бірлесіп әрекет етеді. Осындай жағдайда түрлі келенсіздіктер мен тәуекелдердің алдын алып, уақтылы мәселелерді шешкен жөн. Қарым-қатынастардың түрлі әдіс-амалдары өткен тренингте айтылып қарастырылды.

Тренинг кезінде оқытушылар бірнеше топқа бөлінді. Мәселен, қазақ тілінде тренингті педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент Ұлмекен Төлешова өткізді. Оған қатысқан куратор эдвайзерлер атап өткеніндей, тренинг барысында көптеген пайдалы ақпарат беріліп,

оқытушылардың тәжірибесіне қажетті кеңестер айтылды.

Қорыта келгенде, қарым-қатынас – жалпы адам өмірінің негізгі жағдайы. Адам қалыпты өмір сүру үшін, өзінің психикалық қасиеттерін дамытып, жеке тұлғалық ерекшеліктерін жетілдіру үшін адамдармен қарым-қатынас жасайды. Соның нәтижесінде ғана адам өзінің кім екенін танып қана қоймай, өзін басқалармен салыстыру арқылы адамдардың бойындағы қасиеттерді көре алады. Адам қоғамнан тыс өмір сүре алмайды. Сондықтан адам өзгелермен қатынасқа түсу арқылы ғана қалыпты өмір сүре алады. Сол себепті де студенттердің қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру маңызды. Ал қарым-қатынас мәдениеті жоғары деңгейде дамыған студент ертенгі күнгі білікті, іскер маман екендігі сөзсіз.

**Бақыт ТЮСЮПОВА,**  
х.ғ.к., доцент,  
аналитикалық, коллоидтық химия және сирек элементтер технологиясы кафедрасы

## АРХИВ - ЭТО НЕ ПЫЛЬ ВЫТУРАТЬ

**В статье Главы государства «Семь граней Великой степи» отмечена актуальность разработки семилетней программы «Архив-2025», которая позволит восстановить забытые фрагменты исторической хроники.**

Архивы играют важную функцию по сохранению подлинников документов по истории государства. Однако многие документальные свидетельства об истории предков и их уникальной цивилизации до сих пор не введены в научный оборот и ждут своего часа в многочисленных архивах по всему миру. Архивы Казахстана активно работают над выявлением и приобретением документов по истории Казахстана, хранящихся в зарубежных архивных учреждениях.

Очень важно кропотливо собирать архивные данные из всех доступных источников и активно конвертировать их в цифровой формат, делая доступными для ученых и широкой общественности.

В стране растет интерес к ретроспективной информации, совершенствуются архивные услуги. Архивы регулярно участвуют в проведении памятных выставок, конференций, круглых столов, лекций и экскурсий, что является важным составляющим механизмом популяризации истории. Архивные источники выдаются для исследований и вводятся в научный оборот.

На данный момент поставлена задача автоматизации архивного дела. Приоритетным направлением развития является создание единого электронного архива страны, определена поэтапная цифровизация процессов сбора, обработки, хранения, поиска и передачи информации посредством современных технологий.

Для обеспечения сохранности документов на бумажной основе и увеличения уровня их

использования архивами проводится работа по созданию электронного архива. Это позволяет пользоваться электронной копией архивного документа одновременно неограниченному количеству исследователей, в том числе удаленно через интернет. При этом оригинал документа останется нетронутым. Такая работа активно ведется в архиве Президента РК и областных архивах.

В последние годы намечается устойчивая тенденция спроса на специалистов по архивному делу и делопроизводству. Архивисты должны совершенствоваться и обладать знаниями информационных технологий, уметь решать задачи по совершенствованию процесса автоматизации архивного дела, использовать в работе передовой мировой опыт.

Подготовку таких высококлассных специалистов осуществляет КазНУ им. аль-Фараби. В Центре археологии и документоведения университета открыты курсы повышения квалификации для работников архивного дела, осуществляется подготовка отечественных учебных и учебно-методических пособий, проводятся международные и республиканские научно-практические конференции и семинары.

**Мухтар ХОДЖАБАЙ,**  
магистрант I-го курса кафедры  
Всемирной истории, историографии  
и источниковедения

**ЖОО-ға дейінгі білім беру факультеті оқытушыларының ұйымдастыруымен «Шығыс күнтізбесі бойынша жаңа жыл» атты тәрбиелік іс-шара өтті**



# Ауған соғысы аяқталғанына 30 жыл



болып, қақтығысты тоқтату мен Ауғанстандағы кеңес әскерлерінің шектеулі контингентінің тұжырымы туралы жариялады. Бір аптадан кейін, 14 сәуірде, АДР-ғы жағдайды саяси реттеу туралы Женева келісіміне қол қойылды. Қол қойғандар қатарына КСРО, АҚШ, Ауғанстан мен Пәкістан кірді. Ауғанстан мен Пәкістан бір-біріне қол сұқпаушылық және басып кіруден бас тарту қағидасына қол қойса, КСРО мен АҚШ өкілдері халықаралық кепілділік жөніндегі Декларацияға қол қойды. Кеңес Одағы өз контингентін 9 айлық мерзімде алып шығуға, ал Құрама Штаттар мен Пәкістан өз тараптарынан қарулы оппозицияны қолдауды тоқтатуға міндеттелді.

1988 жылы 15 мамырда Ауғанстан аумағынан кеңес әскерлерін шығару басталды, алайда қараша айындағы моджахедтер шабуылының жандана түсуі, үдерістің жылдың аяғына дейін қалдырылуына әкелді. Жағдайдың тұрақтануы мен әскерилер арасындағы шығынды азайту үшін оппозицияның белсенді күштерін жоюға арналған ракеталық әскери бөлімшелер енгізілді. Олар душмандардың шабуылын жоюға баллестикалық зымыранды 92 рет жіберді. Дегенмен, 1988 жылдың тамызына дейін Кеңес әскерлерінің шектеулі контингенті құрамының шамамен жартысы Ауғанстаннан шығарылды.

Кейбір мәліметтер бойынша кеңес әскерлерінің ауған жерінен шығарылуы басталған екі ай ішінде қарулы оппозиция 2914 әскери акция, 96 іріткі салу мен террорлық актілерін жасады, нәтижесінде 448 адам қайтыс болып, 500 адам жараланды. Тек мамыр мен тамыз айлары аралығында Кабулда 200 ракета мен 30 артиллериялық снаряд атқыланды. 63 жарылыстың алды алынды. 154 адам қайтыс болды, 206 адам жараланды. Олардың арасында қарттар, әйелдер мен балалар бар еді. Пәкістан өкіметі БҰҰ бақылаушылары жұмыстарына кедергі келтірумен болды, олармен ынтымақта жұмыс істеуден бас тартты. 1988 жылы 4-6 маусымда БҰҰ бақылаушылары Ауғанстан шағымына байланысты Пешавар және Парачинар қалаларында болды.

Пәкістандық билік өкілдері БҰҰ бақылаушыларының жұмысына кедергі жасауға тырысып бақты. Женева келісімінің шартына қарамастан олар ауғандық босқындардың қайтып келуіне кедергі жасады. Босқындарды қабылдау үшін Ауған үкіметі 23 қонақ үй, 10 қабылдау лагерін және 10 мың адамдық отанына оралушыларға арналған 27 орталық құрды. Осы мақсат үшін кеңес әскері тастап кеткен әскери қалашықтары да берілді. Тамыздың



басында Ауғанстанға 150 мың босқын оралды. Бірақ ауған оппозициясының сұрауымен пәкістандық полицейлер және әскерилер босқындар лагерін қоршап, олардың отанына оралуына барынша кедергі келтірді.

Женева келісіміне қол қойылғаннан кейін кеңестік әскери бөлімшелерге 555 рет оқ жаудырылды, 26 рет әуежайлар оқ астында қалды. 400 рет сақшы тұрағына шабуыл жасалды. Шабуыл тіпті үкіметтік ауған әскерлеріне де жасалынды. 1989 жылдың 15 ақпанына дейін қаруланған оппозиция қолынан 6954 адам қаза тапты, 12220 адам жаракат алды. Олардың көпшілігі бейбіт тұрғындар еді. Соңғы бір жарым ай ішінде 1989 жылдың 15 ақпанына дейін 39 кеңестік әскери қызметкер қаза тапты.

Женева келісімінде белгіленгендей 1989 жылы 15 ақпанда Ауғанстаннан соңғы кеңес әскерлерінің әкетілуі аяқталды. Кеңес Одағы Женева келісімін белгіленген мерзімде орындады. 15 ақпан күні Ауғанстанмен шекаралас Термезге жақын биік қияларда кеңес жерінің оңтүстік шекарасына қарай көз салған әйелдер өз ұлдарын, күйеулерін, сүйіктілерін, жиналған жұрт өз азаматтарын ұзақ сағаттар бойы күтті. Ауған тарапынан кезекті колонна қашан келетінін ешкім де білмеді. Тіптен алыс жақтардан да адамдар келіп күтті. Тіптен қаралы қағаз алғандар да үмітпен келіп ол жаққа қарап отырды.

Мұнда Кеңес Одағының Батыры, 40-армияның соңғы қолбасшысы, генерал-лейтенант Б.В. Громов басшылығындағы

барлаушылардың екі батальоны келіп тоқтады. 15 ақпан күні колонна кеңес және ауған жағалауларын біріктіруші көпірге көтеріліп Кеңес Одағы шекарасына жақындап келді. Алдыңғы қорғаныс машинасында жауынгерлік ту желбіреп көрінді. Кеңес жағалауына жете келе генерал-лейтенант Б.В. Громов қорғаныс машинасынан жерге түсіп, шекара қызыл сызығын жаяу кесіп өтті. Әрине, бұл Ауғанстанда бес жарым жыл соғысқан оның соңғы қадамдарды жаяу жүріп өту құқы еді.

Шекарадан соңғы болып өткен 40-армия қолбасшысы Б.В. Громов Қарулы күштері басшылығының өкілі, армия генералы Н.И. Поповка кеңестік әскерлердің Ауғанстаннан әкетудің толық аяқталғанын баяндады. Салтанатты митингі болды.

Ауғанстан территориясынан ең соңғы болып шыққан 40-армия қолбасшысы генерал-лейтенант Б.В. Громов митингіде: «Біз өз міндетімізді орындап, өз борышымызды өтедік. Бұл Кеңес Армиясының солдаттарының, сержанттарының, прапорщиктерінің, офицерлерінің және қызметкерлерінің мүлтіксіз атқарған еңбегінің нәтижесі. Бүгін Ауғанстан территориясында бірде-бір Кеңес әскерінің жауынгері қалған жоқ. Біздер үшін Отанына тірі қайтпағандар қайғысы ешқашанда өз орнын толтырмайды. Біздер соғыста жан тапсырған қарулас жауынгерлерімізді ешқашан ұмытпаймыз», – деп сөз сөйледі.

Жалпы, он жылға созылған бұл соғысқа КСРО-дан 620 мың адам қатысып, оның 14 мың 453 адамы ұрыс даласында мерт болды. Қазақстаннан 22 мың адам бұл соғыстың отына күйіп, 1000-ға жуық жерлесіміз соғыс салдарынан жат жерде жан тапсырды. Соғыста қаза болған ауғандықтардың саны белгісіз. Қолда бар мәліметтерде 1 ден 2 млн адамға дейін ауытқиды. 1979 жылы 25 желтоқсанда КСРО Қорғаныс министрінің арнайы бұйрығы бойынша көрші ел шекарасын кесіп өтіп, Ауғанстан территориясындағы соғыс қимылына қатысқан кеңес әскерлерін Ауғанстаннан әкету жұмысы 1989 жылы 15 ақпанда осылай аяқталды. Бұл күн кеңес әскерлерінің шектеулі контингенті қатарында сапка тұрып, Ауған соғысына қатысқан жауынгерлер үшін және барша халық үшін соғыстың аяқталу күні ретінде тарихи датаға айналды.

**Болат САЙЛАН,**  
«Қазақстан тарихы»  
кафедрасының профессоры,  
тарих ғылымдарының докторы,  
Ауған соғысының ардагері

**1979-1989 жж. КСРО Ауғанстанда әскер ұстап, бұл ел он жыл отқа оранды және бұл «Ауған соғысы» деген атпен тарихқа енді. Биыл 15 ақпанда осы соғыстың аяқталғанына 30 жыл толады. Бұл соғыс қалай аяқталды?**

1980 жылдардың ортасына қарай, Ауғанстандағы соғыс КСРО үшін көптеген қиын сынамалар мен ірі саяси және экономикалық шығындар әкелгені анық біліне бастады. Халықаралық тұғырдағы жағдай одан әрмен қиындай түсті. Ауғанстанда әскерлердің ірі топтарының шоғырлануы ел экономикасына ауыртпалық түсірді. Елдің әр түпкірінде соғыста қаза болған офицерлер мен жауынгерлер жерге көміліп, қоғам ішінде кінәраттайтын жағдай үеді. Осының барлығы халық арасында наразылық тудырды. Ауғанстаннан әскерді шығару туралы және соғысты тоқтату жайлы қатаң шешімдер қажет болды.

Ауғанстанға әскер енгізудің қателік болғанын, 1985 жылы билікке келген Михайл Горбачев бастаған КСРО-ның жаңа басшылығы толық түсінді. Бұл соғыстың Кеңес Одағына «мырыш табыт» пен әлемдік айыптаулардан басқа ештеңе бермейтінін Горбачев білді. 1986 жылдың қараша айында КОКП ОК Саяси бюросының отырысында М.С.Горбачев: «Қазіргі уақытқа дейін біз Ауғанстанда алты жыл бойы соғыс жүргізудеміз. Егер біз айла тәсілімізді өзгертпесек, 20 немесе 30 жыл бойы соғыса береміз. Біз қысқа мерзім ішінде мұны тоқтатуымыз керек» – деген ойын жариялады.

АҚШ, Пәкістан, Иран және басқа да қызығушылық танытқан елдердің өкілдерімен қарқынды келіссөздер жүргізілді. 1986-1987 жж. Ауғанстанда туындаған жағдай, орталық үкімет пен оппозиция күштері арасындағы орнаған тепе-теңдік ауған дағдарысын шешудің соғыссыз жолдарын іздеу қажеттілігіне итермеледі. Жаңа бағытты іске асыру үшін жаңа адамдар керек болды. 1987 жылдың 3 қаңтарында билік басына Мұхаммед Наджибулла келгеннен кейін «Ұлттық татуласу туралы» Ауғанстан демократиялық республикасының (АДР) Революциялық кеңесінің Декларациясы қабылданды. Құжатта атысты тоқтатып, ұлттық бейбітшілік орнату мақсатында, уақытша коалициялық мемлекет құру және жалпы дауыс беруді өткізу, үкіметтегі министрліктің лауазымдарының бір бөлігін оппозиция өкілдеріне ұсыну туралы нақты ұсыныстар келтірілді. Бұл Ауған соғысы басталғалы бейбіт өмірге байланысты жасалған ең алғашқы қадам еді.

1988 жылдың 7 сәуірінде Ташкентте КОКП ОК-ның Бас хатшысы М.С. Горбачев пен АДР Президенті М.Наджибулла арасында кездесу





## ПОКОЛЕНИЕ НЕЗАВИСИМОСТИ

На форуме молодежи Президент страны отметил, что «новое десятилетие - это новый экономический подъем и новые возможности, а молодежь - основа будущего». Открытие Года молодежи стало знаменательным событием.



**Е**желден ел қоныс етіп, баурайын пана қылған қарт Қаратаудың күншығыс беткейінде көрсе көз жетпес, атса оқ жетпес адам аяғы баспаған биік құз бар. Ол – Қосқұз. Оның бұлай аталуының себебі: екі құздың бір кіндіктен шыққан егіздердей біп-бірдей болуы. Мұны көрген халықтың бір бөлігі «Кезінде бұл құздар бүтін болған. Уақыт өте бір-бірімен араздасып, айырылысып кеткен» десе, енді біреулері «Бұлар кішкентайынан бірге өскен» деп көрсетеді. Енді үшінші біреулері өз алдына «махаббат символы» деп біледі. Ал, біздің білетіміз біреу ғана. Қосқұз – қантүбіттердің қонысы, мұзбалақтардың мекені. Таңбалы тасында текелер ойнап, аппақ қарында арқарлар аунаған бұл құзды халық бұрыннан «қасиет» деп білгені сондықтан болуы керек.

Қосқұз. Құлатаудан өткеннен кейін, шай қайнатым уақыт жаяу жүрсең бір биік төбе көрінеді. Ол – Қақпатөбе. Оны халық «Қосқұздың қақпасы» дейді. Одан өтсең Қосқұзға барасың. Бірақ ол өте қиын. Жүрегінде түгі бар жандар сапар шекпесе, көбі Қосқұзды дәл осы Қақпатөбеден тамашалайды. Одан асып бармағанды. Себебі, айнала адам түсінгісіз жүйсіз жолдар мен үнсіз үңгірлер. Күн қақтаған кара тастар. Сол тасты қызып, еңсесін түзеп, биікке өрлей өскен қайындар мен сұсты қарағайлар. Бір-бірімен жарыса өскен шырышалар. Нақтысы ну орман. Ішінде тұрып көк аспанды көруге мүмкіндік жоқ, сондай ұзын ағаштар. Жерге күннің сәулесі түспегендіктен, топырақта тіршілік ететін жәндік атаулысы жоқ. Тек қана қиулаған құстар, жүгірген аңдар. Ал адам... Адам аяқ басса, ақырында адасып өледі. Көбіне тек текті тұған қырандар ғана паналап, тіршілік етеді. Сыр жұртқа жайылмаған, ақиқаты анық емес, елге беймәлім, қорқынышты бұл мекенді «Барсақалмеске» баласақ артық болмас.

Қорқынышты құзда басқа қырандардан ерек, тым төменде орналасқан бір ұя бар. Ол кәрі қыранның ұясы, қайғылы ұя. Себебі, «кәрі қыран» тірек кезінен бастап, әлі күнге дейін бауырындағы балапанын аман-есен қанаттандырмаған. Бірде жұмыртқа кезінде жылан сорып кетсе, бірде басқа қырандар қызғанып өлтіріп тастаған. Енді бірде дүниеге әкелген балапаны ұша алмаған соң, ұядан құлап өлген. Ал өзі кәзір баршына таяп қалған. Балапан көрсе, ет жүрегі елжіреп кететіндіктен басқа ұялардан бөлек күн кешеді. Ендігі көктемде басын бұлт басқан Қосқұздың ең жоғарғы шыңына ұя салмақшы. Ондағы ойы қорғасын балапанын қауіпсіз жерде өсіру. Мен білетін Қосқұздың шыңына арқар, тауешкі түгіл жылан өрмелеп шыға алмайтын. Дегенмен, кәрі қыранға және оның балапаны үшін бұл жерде өмір сүру қолайсыз еді. Өте суық және азық көзі алыста болатын. Ал қасіреті басынан артық туған Қыран – Ананың бұлай жасауына негіз болған себеп: ол – кәрі еді. Одан артық өмір сүруі неғайбыл, тек бір Аллаға ғана аян. Сондықтан қиын болса да тәуекелге бел буып, ең төменде тұрған өз ұясын шыңға көшірмекке шешім қабылдады.

Келесі көктем келгенде кәрі қыран тағы да өмірге балапан әкелді. Жаңа қоныс, жаңа ұя. Шеше, байғұс баласы үшін сонау төменнен енгізіп жүріп, ең жақсы деген тағамдарды әкелетін. Бір ойы азық табуда болса, бір ойы ұясында жалғыз қалған балапанында. Жүрегі алып ұшып олайда-бұлай сырғып ұшып жүретін. Осылай уақыт өтіп жатты. Шыңында қауіпсіз мекен болды. Ұясы мейірімге толы еді. Анасы оған ұшуды үйретті, тағам тауып жеуді үйретті. Жалпы қыранға тән тектіліктің бәрін бойына сіңіртті. Қыс та келіп қалды. Ал балапан бұл уақытта өсіп қалған еді. Анасына жәрдем жасап, азықты бірге табатын, үнемі бірге жүретін. Оларды сыртынан көрсен,

## Қыран – Ана

(Әңгіме)



сүйсінетіндей-ақ еді. Бұл күнге дейін еш уайымсыз, еш қайғысыз күн кешті. Тек.. Тек қатыгез адамдар болмағанда.

Қосқұз орналасқан таудың етегін ертеден адамдар қоныс еткізген. Бірақ тек қыста ғана. Көктемнен өтіп, жазға таяп қалған уақытта мұнда тек киіз үйлердің орны ғана қалатын. Ертеден қоныстанып жүрген ауыл бұл жердің қасиетті мекен екенін білетін. Оның арқарын атып, құсын жесе де қырандарына тиіспейтін. Бұрынғы ауыл бұл жолы да бүкіл малын айдап, қыстамаққа осы маңға келді. Қараша үйлерін тікті, қорасын түзетті. Бұрын алты шаңырақ қана бой көтерген еді. Бұл жолы жетінші үй түтінін түтетті. Ол өз еліне опасыздық жасап, жайлауда жанадан қосылған Тілеуғабылдың шаңырағы. Бүкіл ел оны жақтырмайтын, тіпті қазанына ортақтастырмайтын. Тек ауыл ақсақалының жиені болғасын ғана жүр.

Тілеуғабыл – өзінің бас пайдасын ойлап қалған. Баю үшін бар амалды жасайтын нағыз сұмырайдың өзі. Ұзын бойлы, денелі ірі жігіт. Екі көзі сұсты, қасы қалын. Өні күнге күйген, тап-тастай беттеріне шыққан тікендей қатты сақалы оның кіп-кішкентай пұшық мұрнына тіпті жараспайтын. Шаңырағында жұбайы екеуі ғана тұрады. Ал күнде аулап келетіні: екі-үш кап қоян жанында қырғауылы мен үйрегі бар. Сондай жауыз, қанішер саятшы еді. Астына мінген жануары қап-қара азбан айғыр, ізіне еріткені екі тазы ит. Өзі аң аулауды кәсіп көреді. Бір иығында бітелі екі мылтығы бар. Оның басқа аңшылардан төменділігінің белгісі баптап өсірген бүркіті болмады. Ал, ол қаныпезер осыны жалғыз кемшілігі деп білетін. Сөйтіп ел ауызында жүрген киелі қоныс – Қосқұзды мекен еткен қырандарға көзін салды.

Кешқұрым бүкіл ауыл жиналғанда ел-жұртпен, көрші-көлеммен кенеспей, көне көздердің батасын алмай жолға шығуды жөн көрді. Бар ойы бүркітке ғана. Түнімен әйеліне білдіртпей қоржынға екі күндік азығын салып, месіне су құйып, оған құрт салды. Ұзын-ұзын арқандарын алып, жорыққа кетіп бара жатқан солдаттай әзірленді. Сосын түнімен тыпыршып ұйықтай алмай, танды әзер атырды. Ал таң ата азбан жылқысын астына мініп, Қосқұзға қарай беттеді. Қосқұздың қиесін білмеген қаны сұйық Тілеуғабыл ойланбастан дем арасында Қақпатөбеге келді. Алыстан менмұндалап тұрған маңғаз таулардың қақ ортасындағы екі бірдей қауіпті шыңды көрді де, Қосқұздың ішіне кіріп кетті. Бұл мекен ішіне салынған алғашқы қадам еді. Сөйтіп көзге ұрып тұрған биік құздан адаспай қалың орманды кесіп өтті де, шыңға жетті. Құз басында атпен жүру мүмкін болмағандықтан, жылқысын бұтаға байлап, өзі шыңға өрмелеп кетті. Жолда бірнеше рет жығылып жараланып қалды. Тауешкілер салған жалғызаяқ жолмен жортып келе жатыр. Өмірі қорқыныш деген ұғымды білмейтін қаныпезердің маңдайынан суық тер аға бастады. Ол үрейден еді. Артқа қайтайын десе, жолдың жартысын бағындырып үлгерген.

Не болса да тәуекелге бел буып, жоғары қарай өрмелей берді. Жолда бірнеше рет қыранның ұясын кезіктірді бірақ жанында үлкендері болды. Ал аты өшкір Тілеуғабыл мұндай жерлерден бала бүркіт алу мүмкін еместігін біліп, қорғаныс қалған ұяларға көз тікті. Дегенмен, таба алмады. Ақыры өрмелеп-өрмелеп өзі құз басына қалай жеткенін байқамай да қалды. Айналасына көз тігіп еді, біз атаған Қосқұздың ең биік шыңында тұр екен. Жанында жалғыз ғана ұя. Басқа ұяның барлығы бағана-ақ төменде қалып қойған. Бірақ ішінде ешкім жоқ. Ол еңгезердей болса да, жінішке ағаштың түбіріне жасырынып, жалғыз тұрған ұяны қарауылдап жатты. Бір кезде кәрі қыран мен бала бүркіт өз ұясына келді. Содан соң анасы: «Балам, сен осында қалып дем ал. Мен кәзір келемін», - дегендей ұшып кетті. Бала бүркіт ұяда жалғыз қалды. Оны сыртынан байқап тұрған тексіз Тілеуғабыл, маған келген мүмкіндік, - деді де ұяда бейқам тұрған бүркіттің баласына тап берді. Бұрын-соңды қайғы атаулысы орын алмаған құз басынан қиналған қыранның дауысы қатты шықты. Мұны естіген алыстағы анасы жүрегі ұшып, құз басына қарай қайта беттеді. Келсе бұрын аяқ баспаған адам бала бүркітті құрықтап жатыр екен. Кәрі қыран қауқары болмаса да бар күш-жігерін жинап, ұзын әрі қайратты қанаттарымен адамды бір соқты. Өзі теренге құділап барып, тасқа соға жаздады да, дереу есін жинап, Тілеуғабылды тағы да соқты. Бірақ туылғанынан шымыр денелі Тілеуғабылға мұндай соққылар түкке тұрмайтын. Бірақ Қыран – Ана қанша кәрі болса да, шеше ғой. Ал шеше... Шеше – ол көзбен көрмесен, тілмен жеткізу өте қиын, ұлы ұғым. Ей, адамның баласы, көз алдында нағыз ананың болмысын көре тұра, неге оны жөніне қоя салмадың?! Өлер шағында әзер қолы жеткен жалғыз баласымен бақытты өмір сүруіне неге мүмкіндік бермедің?! Жок, ол мүмкін емес еді. Себебі, адам – қатыгез!

Қалжыраған қарт қыран, бір кездері айға шағылысқан аппақ тырнақтарын күнге қақталған кара тасқа қайрап-қайрап алды да шың басында тұрған Тілеуғабылдың қос көзін ойып алды. Текті туған Қыран – Ана «Бұл менің мекенім» дегендей айбат шегіп, адам баласын құздан итеріп жіберді. Бұл Қыран – Ананың адамға жасаған алғашқы жауыздығы еді. Қалжыраған қарт Ана аман қалған баласын көріп, оны қанға боялған қанаттарының астында ұзақ аймалады. Содан соң құздың басын үш рет айналды да, «Мен бақыттымын» дегендей шаңқ етті де, тырнағын қайраған кара тасқа барып соқты. Шеше, байғұс бұл өмірден кетіп бара жатқанына еш өкінбеді. Он балапан әкелген бақытты қырандардың қасында, жалғыз баласын шын қорғай білген өзін нағыз батыр әрі бақытты қыранға тенеңі де, жан тәсілім етті.

Қанат ЕРПОЛАТ,  
филология және  
әлем тілдері факультетінің  
1-курс студенті

Мәди АХМЕТОВ,  
магистрант 2 курса специальности  
«Политология» факультета  
философии и политологии

Араб Әмірліктерінде таэквондодан өткен «Fujaiah Open» халықаралық турнирінде ҚазҰУ-дың 1 курс студенті Нартай Оразбаев қола медалін жеңіп алды



**Қазіргі қоғамдағы уақыттың маңызы қандай? Біз өз уақытымызды дұрыс пайдаланып жүрміз бе? деген сұрақтарға қаңтар айының 31 күні филология және әлем тілдері факультетінің аға оқытушысы Анар Ашированың ұйымдастыруымен «Филология: қазақ филологиясы» мамандығының 201 топ студенттері «Time management» тақырыбы аясында ашық сабаққа қатысты.**

## «Time management»

Уақыт — өлшемдер жүйесінің оқиғаларды реттеу, олардың ұзақтығын және араларындағы интервалдарын сипаттауда және нәрселердің қозғалысын сипаттауда пайдаланатын маңызды мүшесі. Уақыт тоқтаусыз, үнемі жүріп жататын процесс. Оны тоқтатып немесе оны өзгертуге адам баласы қауқарсыз. Дегенмен, әр жаңа күні берілген 24 сағатты барынша тиімді пайдалану өз қолымызда. Атақты мотиватор, бүкіләлемдік бесцеллер «Монах, который продал свой Феррари» атты кітаптың авторы Робин Шарма да өз кітабында әрбір күннің маңыздылығын жете көрсетіп атайды.

«Уақыттың бос өткені — өмірдің бос кеткені» демекші қазіргі таңда уақытты тиімді пайдалану ұғымы өте маңызды тақырыпқа айналды. Уақытты пайдаланудың адамзаттың мінез-құлқын, білім алуын, саяхатты ұйымдастыруды түсінуде маңызы зор. Уақытты

пайдалануды зерттеу — жаңа дамып келе жатқан сала. Сұрақ әр - алуан іс-әрекетке (үйге уақыт бөлу, жұмысқа, саудаға және т.б.) қанша уақыт бөлінетіндігін қарастырады. Өткен ғасырдың соңғы ширегінде тек бизнес саласында қолданылатын бұл ұғым уақыт өте келе қоғамның әрбір саласына қатысты екенін аңғартты.

Ашық сабақ барысында студенттер уақытты тиімді пайдаланудың бірнеше түрлері мен сызбаларын қарастырды, атап айтқанда: «80 және 20» жүйесін, «Эйзенхауэр» матрицасын, «Қызанақ» әдісін қарастырып, шығу тарихы мен тиімділігі, жұмыстың барынша тез әрі өнімді орындалуына тигізетін әсерін сараптады.

**Төлеген АХМАДИЕВ,**

*филология және әлем тілдері факультетінің  
2 курс студенті*



## V ЛЕТНЯЯ СПАРТАКИАДА

**На V летней Спартакиаде Республики Казахстан в Астане в соревнованиях по настольному теннису, студентка III курса Высшей школы экономики и бизнеса Гаухар Алмагамбетова завоевала серебряную в командных соревнованиях и в парном зачете бронзовую медали.**



Это отличный результат перед соревнованиями Универсиады вузов РК, которая пройдет уже этой весной. Тренером спортсменки является старший преподаватель КазНУ, Центра ЗОЖ Куаныш Джаркешев.

V летняя Спартакиада Казахстана проводится раз в четыре года и является значимым спортивным событием. Республиканские соревнования пройдут с 29 января по 10 августа во всех крупных городах страны. Сильнейшие спортсмены будут

сопоставляться по сорока видам спорта. Куаныш Джаркешев отметил, что спартакиада поможет выявить лучших спортсменов по регионам, а самые сильнейшие будут отобраны для участия в XXXII летних Олимпийских играх 2020 года в Токио (Япония).

**Наталья ВИШНЯКОВА,**

*преподаватель кафедры физического воспитания и спорта*

## Азаматтық-патриоттық шара

**Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласының аясында «Отан оттан да ыстық» атты азаматтық-патриоттық шара өтті. Шараны «Отан оттан да ыстық» жобасының жетекшісі Қ.Мұхаметжанұлы мен Алматы қаласы еңбек инспекциясы және көші-қон басқармасының көші-қон бөлімінің бас маманы У.Оразбек және ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасының ұстаздар ұжымы ұйымдастырды.**

Шара барысында «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласының басты бағыттарын іске асыру жолында біртұтас ұлт болып ұйысуға, ұлттық кодымызды сақтауға, шетелдік қазақтардың тарихи отанына оралуына байланысты көші-қон үдерісіне қатысты негізгі мәселелер қарастырылып, талқыланды.

Азаматтық-патриоттық шара кафедра меңгерушісі, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент М.С. Мырзабеков факультет тындаушыларына қонақтарды таныстыра отырып, шараның басты мақсаты мен жұмыс тәртібіне шолу жасап өтті. Ал Құрметолла Мұхаметжанұлы «Мәңгілік ел» болу үшін елімізде барлық оңтайлы жағдай жасалғанын, елімізде атқарылып жатқан ізгілікті шаралар, игіліктер еңбектің Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың парасаттылығы мен

сындарлы саясатының арқасында екенін атап көрсетті. Келесі жарыссөз кезегін алған У.Оразбек ағаларына біздің білім алушылар көші-қон үдерісіне орай көптен бері көкейлерінде мазалап жүрген түйткілді мәселелерге қатысты сұрақтар қойды. У.Оразбек мырза сұрақтардың бәріне тиісті жауап берді. Баяндамашылар елімізде мемлекеттік бағдарламамен келіп білім алып жатқан шетелдік қазақ жастарын атамекенінде қалып, аянбай қызмет етуге шақырды. Кафедра тындаушыларының дені шетелден келген оралман қазақ жастары болғандықтан, бұл азаматтық-патриоттық шараның олар үшін тәрбиелік те, танымдық мәні өте зор болды.

**Р. НАРАЛИЕВА,**

**А. БЕГАЛИЕВА,**

*аға оқытушы*

## Жасампаз елдің жастары

**Заманында Мағжан ақын өскелең ұрпақ пен білікті жастарға үлкен үмітпен қарап, қараңғы елдің бұлыңғыр болашағын жастарға сеніп тапсырып кеткен. «Арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты, қырандай күшті қырағы- Мен жастарға сенемін» деген аталы сөздің ұлылығы бүгінгі күні еселеп артпаса, еш кеміген жоқ.**

«Ел болашағы жастардың қолында» деген сөзді аға буынның аузынан күнде естиміз бүгінде. Әрине, бұл сөздің салмағы ауыр болғанымен, орынды екені тайға таңба басқандай анық та, айқын. Ата-бабалар аңсаған тұғырлы Тәуелсіздікке біздің жастарымыз қол жеткізіп, егеменді елдің еңселі ұрпағы болып өсіп-өркендеуде. Міне, осы себептен де бүгінгі жасампаз елдің жастарына қойылар талап күшті,артылар жүк ауыр.

Ел ағасы Нұрсұлтан Назарбаев өзінің халыққа арнаған әр жолдауы мен стратегияларында ел жастарының білімін, әлеуметтік жағдайы мен білім алудағы түрлі жеңілдіктерге ерекше көңіл бөліп, назардан тыс қалдырмаған. Бүгінгі таңда, студенттердің біразы жатақханамен толық қамтылмағанын ескерте келіп, 2022 жылдың соңына дейін студенттерге арнап кемінде 75 мың орындық

жаңа жатақхана салуды үкімет басшыларына тапсырды. Елбасының өзі «Жоғары білім алудың қолжетімділігі мен сапасын арттырып, студент жастардың жатақханадағы жағдайын жақсарту»,—деп айтқаны да көңілге жылылық сыйлайды.

Жастар қолдаған бастаманың берері мен көңіл қуантарлық нәтижесі мол болады деген сенімдеміз. «Ел болам десең, бесігіңді түзе» деген дана халқымыздың ұлағатты ұрпақтарының кез келген мемлекеттік оқиғаға бей-жай қарамай, өз көзқарастарын білдіруі еліміздің жастарының білім алудағы қарым-қауқарының күн санап өсіп келе жатқанын көрсетеді. Ел болып, жастар болып қолдаған саясаттың мығым елдің әлеуметтік хал-ахуалына қалай әсер етерін уақыт пен төккен тер көрсетері анық.

**Балым АБДУРАХМАН,**

*журналистика факультетінің 1-курс студенті*

### ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы  
Қазақ ұлттық  
университетінің  
ректораты

### РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор: **Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ**  
Тілшілер: **Еңлік АҚЖІПТ, Айнұр АҚЫНБАЕВА,**  
**Перизат ЖАРЫЛҚАСЫНОВА**  
Фототілші: **Марат ЖҮНІСБЕКОВ**  
Корректор: **Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Ағила ШУРИЕВА**

### МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71,  
ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.  
Байланыс телефоны:  
377-33-30, ішкі: 11-94,  
тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай:  
**kazuniver2016gazeta@gmail.com**

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп,  
беттелді. АҚ "Алматы-Болашақ" баспаханасында  
басылды.

### Бағасы келісім бойынша.

**Таралымы 1000 дана**

**Тапсырыс: №228**

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.